

Алматы қаласының Әкімшілігі жанындағы құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес мәселесі жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 17 қарашадағы N 5/683 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 02 желтоқсанда N 566 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 3/885 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 3/885 қаулысымен (2006 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 507 "Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес мәселесі жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы" қаулысына сай, атқарушы, құқық қорғау және басқа мүдделі ұйымдардың құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабы 21 тармағы негізінде оның пәрменділігін арттыру мақсатында Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Алматы қаласының Әкімшілігі жанындағы құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес мәселесі жөніндегі ақылдасушы-кеңестік орган ведомствоаралық комиссия құрылсын (бұдан әрі Комиссия).

2. Комиссия туралы Ереже бекітілсін.

3. Алматы қаласы Әкімі жанындағы қылмыскерлік және жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі таратылсын.

4. Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 468 "Қылмыскерлікпен және жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы" шешімінің, 2003 жылғы 3 ақпандағы N 12 "Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 468 "Қылмыскерлікпен және жемқорлықпен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімінің күші жойылды деп саналсын.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң Ә к і м і

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 жылғы "17" қарашадағы

№ 5/683 қаулысымен бекітілді

**Алматы қаласының Әкімшілігі жанындағы Құқық
бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес
мәселесі жөніндегі ведомствоаралық
комиссиясы туралы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Алматы қаласының Әкімшілігі жанындағы Құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес мәселесі жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі Комиссия) Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы ақылдасушы-кеңестік орган болып табылады және атқарушы, құқық қорғау және басқа мүдделі ұйымдардың құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, олардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ оның пәрменділігін арттыру мақсатында құрылған.

1.2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Заңдарын, Президент пен ел Үкіметінің актілерін, Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулыларын және Алматы қаласы Әкімінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

2.1. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) атқарушы, құқық қорғау және басқа мүдделі ұйымдардың құқық бұзушылық және қылмыскерлікпен күрес жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ оның пәрменділігін арттыру мақсатында ведомствоаралық қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;

2) қылмыскерлікпен күрес жағдайының талдамасы;

3) атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдарға мына мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдамалар әзірлеу:

құқық қорғау және қылмыскерлікпен күрес саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

құқық қорғау және қылмыскерлікпен күресті күшейтуге бағытталған мемлекеттік органдардың ұйымдық шараларын қабылдауы, оның тиімділігін арттыру;

құқық бұзушылық және қылмыспен күрес саласында қолданыстағы заңды жетілдіру.

3. Комиссияның құқықтары

3.1. Комиссия оған жүктелген міндеттерді белгіленген заң тәртібінде жүзеге асыруда мыналарға құқылы:

- 1) оның құзыретіне кіретін ұсынымдарды әзірлеп ұсыныстарын берсін;
 - 2) белгіленген заң тәртібінде мемлекеттік және басқа органдардан Комиссияның міндетін жүзеге асыруға қажетті материалдарды сұрастыру;
 - 3) Комиссияның мәжілісіне атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың басшыларын Комиссияның міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша шақыру және тыңдау;
 - 4) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптау және жұмыс топтарын ұйымдастыру;
 - 5) мынадай ұсыныс енгізу:
қылмыскерлікпен күрес және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі бойынша заңнамаларды жетілдіру;
ішкі істер органдарының құрылымдарын жетілдіру, оның қызметінің басым бағыттарын анықтау;
заңнамаларға сәйкес қылмыскерлікпен күрес және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі бойынша тиісті шаралар қолдану;
- Қазақстан Республикасының қылмыскерлікпен күрес мәселесі бойынша заңдардың және басқа нормалық-құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз етпеген жағдайда атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың басшылары мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі;
- 6) оның құзыретіне кіретін өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

4. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

4.1. Комиссия жұмысына басшылықты оның төрағасы болып табылатын Алматы қаласының Әкімі жүзеге асырады.

4.2. Комиссияның жеке құрамын Алматы қаласының Әкімі бекітеді. Комиссияның мәжілісіне шақырылған тұлғалар қатыса алады.

4.3. Комиссия жұмысы жоспарға сай жүзеге асырылады.

4.4. Комиссия мәжілісі қажетіне қарай оның мүшелерінің екіден үш мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

4.5. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешім ашық дауыспен қабылданады және қабылданды деп есептеледі егер оған Комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берген жағдайда. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

4.6. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оны белгіленген тәртіпте жұмыс органы әзірлеп, Комиссия төрағасы қол қояды және қаланың барлық мүдделі мемлекеттік және өзге органдарына жіберіледі.

4.7. Комиссияның жұмыс органы Алматы қаласы Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі болып табылады, мүдделі мемлекеттік органдар

мен өзге ұйымдар берген құжаттар негізінде Комиссия мәжілісінің күн тәртібі бойынша қажетті материалдарды береді және белгіленген тәртіпте Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК